

Туберкулез ауруының белгісі ерте білінген, оның шамалы және бәсеңдеген түрі, сондай-ақ жұқпалы ортасы бар балалар мен жасөспірімдер үшін туберкулез ауруын емдейтін санаторийлық мектеп-интернат туралы Ережені күшіне енгізу жөнінде

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім министрлігі 1994 жылғы 29 шілдедегі N 46. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 12 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 46. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а. 2009 жылғы 24 қыркүйектегі N 442 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а. 2009.09.24 N 442 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Туберкулез ауруының белгісі ерте білінген, оның шамалы және бәсеңдеген түрі, сондай-ақ жұқпалы ортасы бар балалар мен жасөспірімдер үшін туберкулез ауруын емдейтін санаторийлық мектеп-интернат туралы Ережені күшіне енгізу жөніндегі" Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 1994 жылғы 29 шілдедегі N 46 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 12 қаңтарда N 46 болып тіркелген) .

2

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

Міндетін атқарушы

А. Жақыпов

Балалар мен жасөспірімдерге жан-жақты білім беру, сондай-ақ байқалған туберкулез ауруынан емдеу, сауықтыру мақсатында

б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы және Денсаулық сақтау министрліктері мен келісілген туберкулез ауруының белгісі ерте білінген, оның шамалы және бәсеңдеген түрі, сондай-ақ жұқпалы ортасы бар балалар мен жасөспірімдер үшін туберкулез ауруын емдейтін санаторийлық мектеп-интернат туралы Ереже күшіне енгізілсін. 2. Облыстық, Алматы қалалық білім басқармаларына: 2.1. Осы бұйрықты басшылыққа алсын және орындасын. 2.2. Бұйрықты және Ережені барлық аудандық, қалалық білім бөлімдеріне және мектеп-интернаттарға жеткілізсін. 3. Осы бұйрықтың жүзеге асырылуын бақылау Интернаттар және

балалар құқын қорғау мекемелері бөліміне (Саламахин А.Ф.) жүктелсін. Министр Жобаны ұсынған: Келісілген: (Интернаттар және балалар Министрдің орынбасары құқын қорғау мекемелері бөлімінің бастығы) Заң бөлімінің бастығы Бекітемін: Келісілген Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Білім министрі Қаржы министрінің орынбасары Келісілген: Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Туберкулез ауруының белгісі ерте білінген оның шамалы және белсендеген түрі, сондай-ақ жұқпалы ортасы бар балалар мен жасөспірімдер үшін туберкулез ауруын емдейтін санаторийлық мектеп-интернат туралы Ереже I. Жалпы ереже

I.1. Туберкулез ауруының белгілері ерте білінген, оның шамалы және белсендеген түрі, сондай-ақ жұқпалы ортасы бар балалар мен жасөспірімдердің туберкулез ауруын емдейтін санаторийлық мектеп-интернаттары оларды емдеуді, сауықтыруды, жан-жақты дамытуды қатар жүргізумен бірге сапалы оқу мен саналы тәрбие беруді ойдағыдай жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып саналады. Олар жалпы білім беретін бастауыш және негізгі (I және II саты) немесе ортадан жоғары (I, II, III саты) мектептер құрамында ұйымдастырылады. Сондықтан бұл мектеп-интернаттар Қазақстан Республикасының білім беру орындарының (бұдан былай санаторийлық мектеп-интернат деп аталады) алға қойған талаптарына сәйкес оқушыларына жан-жақты білім беру мақсатын жүйелі жүзеге асырады. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің арасында байқалған туберкулез ауруынан емдейді. Туберкулездің жұқпалы ауруының алдын алуға, сақтандыруға бағытталған әртүрлі профилактикалық шараларды қолданып, қалай да болса балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтауға күш-жігерді жұмсай отырып, оларды Отанымыздың белсенді азаматы етіп өсіруге қолдан келгеннің бәрін жасайды.

I.2. Санаторийлық мектеп-интернаттарды құру, өзгерту, сондай-ақ тарату мәселесі Қазақстан Республикасының осы салаларды қамтитын заңдарына сәйкес шешіледі. Оны жүзеге асыру ісі Қазақстан Республикасының халыққа білім беру министрлігінің келісімі бойынша жергілікті өкімет органдары мен басқармаларына тапсырылады.

Санаторийлық мектеп-интернат министрлік пен облыстық (Алматы қалалық) білім басқармаларына тікелей бағынады, солардың қамқорлығында болады.

I.3. Бұл оқу орындарын педагогтік кадрлармен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді, оның жұмысын басқару мен бақылауды жергілікті білім беру органдары басқармалары іске асырып отырады.

I.4. Санаторийлық мектеп-интернаттардағы тәрбиелеушілерге дәрігерлік қызмет көрсету ісін басқару мен бақылау жергілікті денсаулық сақтау органдарының басқармалары арқылы жүзеге асырылады. Олар санаторийлық мектеп-интернаттарды белгіленген тәртіп бойынша мамандандырылған

дәрігерлік кадрлармен, қажетті дәрі-дәрмектермен, жабдықтармен қамтамасыз етеді. Оларды күнделікті жұмысқа қажетті препараттар мен әртүрлі витаминдермен туберкулез сырқаттарын емдеумен айналысатын облыстық, қалалық диспансерлер (кабинеттер) көмектесіп отырады.

I.5. Санаторийлық мектеп-интернаттардың үйлері мен әртүрлі ғимараттары, жер участогі сондай-ақ оқу құралдары, техникалық жабдықтары санаторийлық гигиеналық жұқпалы аурудан сақтануға қойылатын талаптарға сай болумен қатар өртке қарсы ережеге, қауіпсіздікке қатал сәйкес болуы керек.

Санаторийлық мектеп-интернаттың қоршалған көгалдандырған участкалары мен гүлазарларында балалар мен жасөспірімдердің дем алуы, ойнауы мен таза ауадағы әртүрлі жұмыстардың, сондай-ақ дене шынықтыру мен сауықтыру шараларына арналған жабдықтарын...

II. Санаторийлық мектеп-интернаттардың құрылымы, оның оқушыларын іріктеп жинақтау тәртібі, көрсеткіштері, интернатта болу мерзімі.

II.1. Санаторийлық мектеп-интернаттарға 6 жастан 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қабылданады.

II.2. Санаторийлық мектеп-интернаттарда жалпы білім беретін мектептер сияқты оқу жылы бойы жұмыс істейді. Әр класқа және тәрбие тобына қабылдаған балалар саны 20-дан аспауы керек.

II.3. Санаторийлық мектеп-интернаттарға балалар мен жасөспірімдерді қабылдау ісімен арнайы құрылған іріктеу комиссия айналысады.

Бұл комиссияны жергілікті денсаулық сақтау органдары ұйымдастырады. Ол туберкулез ауруын емдеумен айналысатын облыстық, қалалық диспансерлердің жанында жұмыс істейді. Бұл комиссияның құрамына туберкулез ауруын емдеумен айналысатын облыстық, қалалық диспансерлердің балалар бөлімінің меңгерушілері (төраға), облыстық, қалалық педиаторлар (бала дәрігері) облыстық қалалық білім басқармаларының, санаторийлық мектеп-интернаттарын дәрігер-фтизиаторлары (өкпе туберкулезін емдейтін дәрігер) кіреді.

II.4. Санаторийлық мектеп-интернатқа қабылдау үшін оған әкелінген балалардың ата-аналарының немесе оларды ауыстырушы адамдардың келісімімен іріктеу комиссиясына сол балалар мен жасөспірімдер есепте тұрған емдеу-профилактикалық мекемелер қажетті құжаттарды табыс етеді. Ол құжаттарды туберкулез реакциясының сипаттары туралы, кеуде клеткаларын зерттеу үшін түсірілген ренген түсірмелері, қан мен зәрдің талдаулары, жұқпалы аурулармен ауырғандығы туралы мәлімет пен оған қарсы профилактикалық егулер мен арнайы жүргізілген емдеулердің түрлері мен тәсілдерін көрсететін ауру тарихының көшірмесі табыс етіледі. Бұл көшірмеде сондай-ақ сол сырқат баланы емдеу мен сауықтыруға пайдалы тиер шаралардың жоспары да көрсетілуі

т и і с т і .

II.5. Іріктеу комиссиясы бұл құжаттарды мұқият қарап, талдаудан кейін санаторийлық мектеп-интернаттарға қабылдануы керек деп табылған балалар мен жасөспірімдердің тізімін облыстық, қалалық білім басқармаларына жібереді. Соңынан облыстық қалалық білім басқармалары осы іріктеу комиссиясының қорытындысын негізге ала отырып жаңағы тізімге енген балалар мен жас өспірімдерге санаторийлық мектеп-интернаттарға жолдама береді.

II.6. Санаторийлық мектеп-интернаттарға балалар мен жас өспірімдерді жылына екі рет (бірінші тамызда, және бірінші желтоқсанда) іріктеп қабылдайды . Қабылдау жұмыстары оқу жылының басталуына дейін немесе 28-тамызға, сонан соң екінші жарты жылдың басталуы немесе 30-желтоқсанға дейін түгел бітіп дайын болуы тиісті. Егер оқу жылы басталған кезде кластар мен тәрбие топтарында бос орын болса онда қосымша іріктеу қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Санаторийлық мектеп-интернаттарға қабылдаған балалар мен жас өспірімдер онда болу мерзімі дәрігерлердің көрсеткен мәліметтеріне байланысты . Ол аурудың түріне қарай 5 айдан 10 айға дейін созылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ол оқушылардың құжаттары іріктеу комиссиясына қайта тапсырылады.

II.7. Балалар мен жасөспірімдерді санаторийлық мектеп-интернаттарға қабылдау директордың арнайы бұйрығымен жүзеге асырылуы. Ол үшін мынадай құжаттардың болуы шарт: а) білім басқармасының жолдамасы; б) іріктеу комиссиясының шешімі; в) туу туралы куәлік, немесе паспорт; г) баланың денсаулығы туралы дәрігердің байқаулары, көрсетілген ауру тарихының көшірмесі; д) ата-аналарының немесе олардың ауыстыратын адамдардың баланы санаторийлық мектеп-интернатқа қабылдау туралы өтініші, сабақ үлгерімі
т у р а л ы т а б е л ь д е р і .

II.8. Санаторийлық мектеп-интернаттарға қабылдаған балалар мен жас өспірімдер денсаулықтары толық жақсарғанша (туберкулез ауруын емдейтін диспансердің есебінен шығарылғанша) болады. Бұл жарты жылдың оқу мерзімінен кем болмауы керек.

II.9. Санаторийлық мектеп-интернаттарға қабылдаған оқушылар толық мектептің қамқорлығына алынады. Санаторийлық мектеп интернаттар үшін бөлінген мөлшерде диеталық және емдеуге арналған тағам түрлерімен т а м а қ т а н д ы р ы л а д ы .

II.10. Санаторийлық мектеп-интернаттарға, II,III, "Б", V "Б"және "В" топтары, сондай-ақ IV,VI, "А", "Б", "В" қауіпті топтары бойынша туберкулез ауруын емдейтін диспансерлерде (кабинеттерде) есепте тұрған балалармен жасөспірімдер қабылданады. Олар ауруының мына төмендегідей белгілері бойынша мынадай мерзімге жатқызылады:

а) туберкулездің алғашқы жиынғы мен кеуде қуысындағы (ішіндегі) лимфа түйіндерінің тығыздалуы кезіндегі санаторийде немесе ауруханада емделгеннен кейін /туберкулезбен ауырғандар 10 ай мерзімге жатқызылса;

б) асқынған экссудативті қабынудан кейін (санаторийде немесе ауруханада емделгеннен кейін қалған көріністері бар сырқаттар - 10 ай мерзімге;

в) өкпеден тыс жерлерде туберкулезбен ауырып, кейін оның қайта бастаған түрімен және ортапедтік шараларды қолданудың қажеті жоқ сүйек туберкулезімен ауырғандар - 10 мерзімге;

г) делбе ауруына ұшырап, сонан балалар санаторийлерінде емделгеннен кейін 2 жыл өткен соң ой өрісі және психика (ішкі рухани сезім күйі) жағынан ауытқуы жоқ балалар - 10 айға;

д) туберкулез интаксикациясымен ауырып санаторийлық немесе ауруханаларда жан-жақты тексерілгеннен және емделгеннен кейін келгендер - 10 ай мерзімге;

е) туберкулез реакциясының виражымен ауырғандар 5-10 ай мерзімге,

ж) гиперергиялық және туберкулез реакциясын күшейткен инфекцияға ұшырағандар (ауырғандар)- 5-10 айға;

з) әдеттегідей емес созылмалы аурулар жұқтырған туберкулез және тыныс алу жолдарының вирусмен қатты инфляцияланған сондықтанда жиі ауыратындар (жылына 6 рет және одан да көп) 5-10 айға;

и) ұдайы егуден асқынған БЦЖ мен ауырғандар 5 айға;

к) туберкулездің жұғады-ау деген ортадан: отбасылық туысқандардан, туберкулездің асқынған түрімен ауыратын адамы бар пәтерлермен байланыстан, туберкулез ауруы байқаған фермаларда жұмыс істейтін мал шаруашылығындағы жан ұялардан, туберкулезбен ауыратын малдары бар жан ұялардан ауырған сырқаттар - диспансерлік есептен шыққанша, бірақ 5-10 айдың аралық мерзімінде осы санаторийлық мектеп-интернаттарда болады.

Ескерту: осы арада айта кететін тағы бір жағдай туберкулездің асқынған (өршіген) түрімен ауыратындармен байланыста болған, сондай-ақ әлеуметтік тұрмыс жағдайлары нашар балалар мен жасөспірімдерде санаторийлық мектеп-интернаттарға қабылданады.

II. II. Санаторийлық мектеп-интернаттарға жолдама беру кезінде туберкулездің көрсетілген түрлерінен басқа организмдегі компенсациялық жағдайдың бұзылуы және асқынуы сатысындағы жалғас аурулармен ауыратын балалар жасөспірімдерге жолдама беру көрсетілмеген.

III. Оқу-тәрбие және емдеу-сауықтыру жұмыстарын
ұ й ы м д а с т ы р у

III.1. Санаторийлық мектеп-интернаттар өзінің күнделікті іс-әрекетінде Қазақстан Республикасына ("Білім туралы" Заңын, осы Ереженің қағидаларын сондай-ақ Білім, денсаулық сақтау министрліктері бағдарлама-әдістемелік пен басқа да нұсқау құжаттарына сүйенеді, соларды басшылыққа алады.

III.2. Санаторийлық мектеп-интернаттарда кластан-класқа көшіру е м т и х а н д а р ы жү р г і з і л м е й д і .

III.3. Бұл мектеп-интернаттардың I-IV, класс оқушылары үшін сабақтың ұзақтығы 35 минут болса, ал V-XI кластарда ол 40 минутқа созылады. Әр сабақтың алдында оқушылармен 5 минуттық дене шынықтыру жаттықтырулары өткізіледі, қарапайым да жеңіл 3, 4 жаттығулардан тұратын бұл дана шынықтырулар аяққа, арқаға және иыққа пайдалы әсер етуі тиісті.

Сабақтың арасындағы 1, 2, 4 және 5 үзілістердің ұзақтығы 10-15 минут, ал үшінші үзілістің ұзақтығы 30-40 минут болуы тиісті. Сабақ кестесі оқушылардың күн тәртібі санаторийлық мектеп-интернаттарын дәрігерлерінің келісімімен т і з і л і п б е к і т і л е д і .

III.4. Санаторийлық мектеп-интернаттарда балаларды емдеу мен оқу-тәрбие жұмыстары дәрігерлердің, кіші дәрігерлік қызметкерлер-медбикелердің, мұғалімдер мен тәрбиешілердің, сондай-ақ жетекшілері, өзара ынтымақтаса, к е л і с е о т ы р ы п жү р г і з і л е д і .

III.5. Онда әр оқушының өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысымен емдеу-сауықтыру шараларын бір-бірімен талап дәрежесінде үйлестіре жүргізу әртүрлі әдістерді тиімді пайдалану олардың жан-жақты жетілуімен қатар емдеу жұмыстарының ойдағыдай өтуін қамтамасыз е т у і т и і с т і .

III.6. Санаторийлық мектеп-интернаттардағы емдеу сауықтыру жұмыстары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әдістемелік нұсқауларына сәйкес жүргізіледі. Онда әсіресе химиялық профилактика, аурудың қайталануына қарсы химиялық терапия курстары туберкулез ауруын-емдейтін диспансерлердің контингентін топтастыру туралы әдістемелік нұсқауына және химиялық профилактика жүргізу Ережесіне сәйкес өткізіледі. Егер қосымша ілеспелі ауру болған жағдайда оны емдеу арнап шақырылған мамандардың қарап , берген кеңесіне сәйкес тиісті жұмыстар жүргізіледі.

III.7. Сырқат балалар санаторийлық мектеп-интернаттарыдан үйлеріне қайтарылғаннан кейін оны емдеу нәтижелері туралы мәлімет туберкулез ауруын емдейтін жергілікті диспансерлерге (кабинеттерге) ал онда мекеме жоқ жерлерде балалар емханасына, немесе жалпы емханалардың жас өспірімдерге қарайтын к а б и н е т т е р г е х а б а р л а н а д ы .

IV. Санаторийлық мектеп-интернаттарды басқару

онда еңбек ететін қызметкерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері

IV.1. Санаторийлық мектеп-интернаттардың педагогика және медицина қызметкерлері жалпы білім беретін мектеп-интернаттар қызметкерлері үшін белгіленген құқықтар мен міндеттерден басқа осы мекемелердің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты қосымша құқықтары мен міндеттері бар.

IV.2. Санаторийлық мектеп-интернаттың барлық жұмысын басқару директорға жүктелген.

IV.3. Директор болып жоғары білімі бар педагогтық стажы үш жылдан кем емес ұйымдастыру қабілеті жеткілікті ұстаз тағайындалады.

Директор атап айтқанда:

- барлық оқу-тәрбие, емдеу-сауықтыру, оқушылардың денсаулығын сақтау жұмыстарына толық жауап береді;

- Іріктеу комиссиясының қорытындысына сай мектеп-интернаттарға оқушылар контингентін қабылдауды ұйымдастырады және уақытында кластарды жинақтап, оқу жылына дайын болуын қамтамасыз етеді;

- мектеп-интернатта оқу-тәрбие және емдеу профилактикалық жұмыстардың ойдағыдай жүргізілуіне мүмкіндігінше жақсы жағдай жасайды;

- педагогтар мен медицина қызметкерлерінің күнделікті жұмыстарын үйлестіріп отырады.

IV.4. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары болып жоғары білімі бар, педагогтық стажы үш жылдан кем емес, ұстаз тағайындалады. Ал директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

- санаторийлық мектеп-интернаттың оқу тәрбие жұмыстарына тікелей басшылық жасайды және олардың жұмысын бақылап отырады;

- Мекеменің жұмыс жасау жағдайында оларға жан-жақты жағдай жасауды ескере отырып, бағдарлама әдістемелік материалдарды анықтап, іріктеуді және оны мектеп-интернат қызметкерлерінің арасына таратуды қамтамасыз етеді;

- Санаторийлық мектеп-интернаттарда оқушыларды емдеу қорытындысын педагогикалық кеңесте талқылауды ұйымдастырады.

IV.5. Мұғалімдік қызметке жоғары немесе орта педагогикалық білімі бар адамдар қабылданады. Олар сабақты және сабақтан тыс уақытта балаларды белгілі бір пән бойынша оқытуды және тәрбиелеуді тікелей жүзеге асырады. Жұмыс ақысын төлеу еңбек ақы туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

IV.6. Мектеп-интернаттың тәрбиешісі болып жоғары немесе орта педагогикалық білімі бар адамдар тағайындалады. Олар сабақтан тыс уақытта балаларға саналы тәрбие беру жұмыстарымен айналысады.

IV.7. Жұмыс уақытында мұғалімдер мен тәрбиешілер балалардың өмірі мен

денсаулығына тікелей жауап береді.

IV.8. Санаторийлық мектеп-интернаттардың мұғалімдері жаз кезінде, каникулға дейін белгіленген сағат мөлшерінде топтарда тәрбиешілердің жұмысын атқарады. Егер өндірістік қажетке керек болып жатса ол мұғалімдер өздерінің белгіленген жұмыс сағаттарынан тыс, ақылы тәрбиешілік міндетке де қамтылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қосымша берілген тәрбиешілік сағат олар үшін белгіленген еңбек ақыға сәйкес төленіп тұрады.

IV.9. Мектеп-интернаттардың музыкалық жетекшілері болып жоғары немесе орта музыкалық білімі бар адамдар тағайындалады. Музыка жетекшілері:

- оқушылардың физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқушыларға музыкалық тәрбие беру жұмысын басқарады. Мұнда олар мұғалімдер мен, дәрігерлермен, сондай-ақ тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста болып, бірлесіп жұмыс істейді.

- Оқушыларға музыкалық және эстетикалық тәрбие беру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиісті.

IV.10. Санаторийлық мектеп-интернаттардың дәрігер-фтизиаторларын (немесе педиаторларын) аудандық денсаулық сақтау бөлімі тағайындайды.

Дәрігерлер санаторийлық мектеп-интернаттарға балалар мен жас өспірімдерді іріктеп алуды жүзеге асырады. Осы мақсатпен іріктеу комиссиясының жұмысына белсене қатысады. Оқушылардың денсаулығына, көңіл-күйіне, оларды емдеуге, шынықтыруға, тамақтануына, мекеменің санитарийлық жағдайына бақылау жасап, гигиеналық жұмыс жүргізеді. Санаторийлық тәртіптің қатаң сақталуына тікелей жауап береді. Қай кезде қай жерде болса да тазалықты сақтау жағдайында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

Оқушыларды байқаудан өткізуді жүйелі жүзеге асырады. Медициналық құжаттарды дайындап, есеп беруді жүргізеді. Ата-аналармен, оқушылармен санаторийлық-гигиеналық тазалық жөнінде әңгімелер өткізіліп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Санаторийлық-мектеп-интернаттардың қызметкерлерінің белгіленген уақытында дәрігерлік бақылаудан өтулерін қадағалайды.

IV.11. Санаторийлық мектеп-интернаттарда еңбек ететін медициналық бикелер оқушыларға көрсетілетін дәрігерлік қызметтерде тікелей атқарушылар болып есептеледі. Олардың орындалуын, уақтылы дәрі-дәрмектердің берілуін тіркеп, бақылап отырады, дәрігерлік-санитарлық тәртіптің орындалуына үй, жатын орын таза ұсталуына (болуына), базалардан келіп түскен тағамдардың сапасына бақылау жасайды, сол бақылаулардың нәтижесінен N 26 және N 63 есепке алу формаларына мұқият тіркеп жазып отырады. Санитарлық тәртіпті (режимді) қатаң сақтау жөнінде санаторийлық мектеп-интернаттардың қызметкерлерімен әңгіме өткізіп, тазалықтың адам өмірінде, атқарар маңызына

ерекше назар аударып отырады. Қызметкерлерді диспансерлеуге тікелей жауап б е р е д і .

IV.12. Санаторийлық мектеп-интернаттардың дәрігер мен медбикелерінің жұмыс лауазымы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен штат мөлшеріне сәйкес белгіленеді.

IV.13. Мекеменің құрылымын және штат кестесін белгіленген тәртіп бойынша еңбек ақы қорының көлеміне сәйкестендіріп басшылар мен мамандар санының арақатынасын бастық өз қалауына (қажетіне) қарай бекітеді.

IV.14. Санаторийлық мектеп-интернаттардың қызметкерлері егер түнгі кезекке жұмысқа келетін болса, онда олардың сол кезегі аяқталғанша ұйықтауға қ ұ қ ы ж о қ .

IV.15. Санаторийлық мектеп-интернаттардың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тәртіп бойынша жүйелі түрде медициналық байқаудан өтіп отыруы тиісті.

V. Қаржыландыру және есеп беру

V.1. Санаторийлық мектеп-интернаттар білім беру мекемелері үшін белгіленген тәртіп бойынша өзінен жоғары мекемелер арқылы қ а р ж ы л а н д ы р ы л ы п о т ы р а д ы .

V.2. Санаторийлық мектеп-интернат бухгалтерлік есеп және іс қағаздарын жүргізеді, тиісті орындарға белгіленген тәртіп бойынша есеп беріп отырады.

V.3. Санаторийлық мектеп-интернат заңды мекеме. Сондықтан оның өзінің штампы мен мөрі, сондай-ақ белгіленген тәртіпке сәйкес маңдайша жазуы б о л а д ы .